

8D01201 – Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы
(6D010100 - Мектепке дейінгі білім және тәрбие) бағыты
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған
Ақынова Жібек Мұхтарқызының «Болашақ мектепке дейінгі ұйым
педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік
дағдыларын қалыптастыруға даярлау»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

ШҚІРІ

Заманымыздың аса қажетті құралдары болып тұрған электронды қарым-қатынас құралдарының пайдасы мен қоса кедергілері де бар екенін күнделікті тұрмыс көрсетуде. Соның бірі балалар қолданысындағы қол телефондар мен компьютерлер. Олар адамдар арасындағы жанды қарым-қатынасқа кедергі келтіруде. Соның нәтижесі адамдардың сөйлеу мәдениетінің нашарлауы, болса балалар үшін тіпті де қиын.

Бұл проблемалар көзкөрінеу. Осы мәселенің бір шешімі болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға ертегі терапиясы арқылы даярлау.

Ертегі балалар санасына ең жақын әрі қызықты материал. Ертегі терапиясы бұл қызықты жолдармен баланы сөйлеу арқылы қарым-қатынас орнатуға бейімдейді. Бір атап-өтетін тұсы тәрбиеші мен бала ықпалдастығын субъект-субъект психологиясы тұрғысынан ашып көрсете алды. Тақырыптың ұтымды тұсы да осында.

Зерттеуші Ж. Ақынова кіріспеде зерттеудің өзектілігін қарастыра келіп ғылыми аппаратты толығымен өзара логикалы байланыста құрған. Мұнда сондай-ақ тақырыпқа байланысты ғалымдардың зерттеулеріне талдау беріп, мәселенің қаншылақты көкейесті екенін дәлелдеген.

Жұмыстың «Мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясын қолдануға даярлаудың заманауи мәселелері» деп аталатын бірінші тарауында осы мәселенің кейбір тұстарын зерттеген ғалымдардың еңбектеріне сүйене келе болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға дайындаудың субъект-субъектілік тұрғыдағы психологиялық-педагогикалық сипатамасын қарастыра келіп «балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру» ұғымына өз тұсынан теориялық анықтама берген. Осы тарауда сонымен қатар балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру барысында қазақ ертегілерін қолданудағы заманауи технологиялардың мүмкіндіктерін зерделеп, «Ертегі терапиясы» ұғымының анықтамаларын нақтылаған.

Зерттеудің «Мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлаудың моделі» деп аталатын екінші тарауында болашақ тәжірибе жұмысының теориялық негізін ашып көрсетумен қатар, оның мазмұны, әдістемесі мен формаларына тоқталған. Сол негізде болашақ мектепке

дейінгі ұйым педагогтерінде, балалардың коммуникативті дағдыларын ертегі ерапиясы арқылы қалыптастыруға дайын болуының құрамы, өлшемдері, көрсеткіштерін теориялық тұрғыда негіздеп көрсеткен.

Жұмыстың «Мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясын балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлау жұмыстарының мазмұны мен әдістемесі» деп аталатын үшінші бөлімінде тәжірибе жұмысының мақсаты, міндеттері, қолданатын технологиялар, әдіс, амалдарына теориялық талдаулар мен қоса сабақтардың нақты мазмұны келтірілген. Сонымен бірге мұнда эксперименттік-тәжірибе жұмысының нәтижелері статистикалық және математикалық есептеу жолдарымен нақтылап көрсетіп тиімділігі дәлелденген.

Жұмыстағы зерттеудің теориялық нәтижелерін студенттерге дәрістер оқуда пайдаланса, практикалық жұмыстардың мазмұнын мектепке дейінгі ұйымдардыға оқу-тәрбие жұмыстарында қолдану мүмкіндігі бар.

Ізденуші Ақынова Жібек жұмысты орындау барысында мектепке дейінгі педагогика мен психологияны меңгергендігін, практикалық жұмыстарда бала мүмкіндіктерін білгірлікен қолдана алғанын, теориялық, практикалық дайындығының бар екенін айта аламын.

Қорыта айтқанда ізденуші Ақынова Жібектің «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлау» тақырыбындағы зерттеу жұмысының талапқа сай жоғары деңгейде орындалғанын, ал жұмыстың авторы Ақынова Жібектің философия докторы (PhD) лайық екенін дәріптеймін.

Отандық ғылыми кеңесші:

П. Ф. Д., профессор

